

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 34 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 5803 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округі әкімінің 27.03.2018 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2017 жылғы 10 қарашадағы № 16-8/111 ұсынысы негізінде, Біршоғыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жануарлар арасынан құтыру ауруы анықталуына байланысты, Біршоғыр ауылдық округінің, Біршоғыр ауылы, Ақтан баба көшесінің аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Біршоғыр ауылдық округінің әкімі*

*А. Жұбаназар*